

Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігіне біліктілік белгілерін енгізу немесе қолдану мерзімін ұзарту:

1. ЖСН, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімі көрсетілген еркін нысандағы өтініш;
2. тиісті мемлекеттік қызметке ақы төлеу туралы түбіртектің сканерленген көшірмесі;
3. біліктілік емтиханын өткізу хаттамасының көшірмесі;
4. тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі (ПО диспетчері үшін);
5. мамандығы бойынша соңғы кәсіптік деңгейді қолдау курстарынан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері;
6. куәлікке қосымшаның көшірмесі.

Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігіне арнайы белгінің қолданылу мерзімін енгізу және (немесе) ұзарту:

1. ЖСН, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімі көрсетілген еркін нысандағы өтініш;
2. тиісті мемлекеттік қызметке ақы төлеу туралы түбіртектің сканерленген көшірмесі;
3. нұсқаушының кәсіби деңгейін қайта даярлаудың немесе қолдаудың соңғы курстарынан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері (нұсқаушының арнайы белгісінің қолданылу мерзімін енгізу немесе ұзарту кезінде);
4. радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге тестілеуден өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі (радиотелефон байланысында пайдаланылатын тілді білгені туралы арнайы белгінің қолданылу мерзімін енгізу немесе ұзарту кезінде);
5. куәлікке қосымшаның көшірмесі.